

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ




«БЕКІТІЛДІ»

Ғылыми кеңес шешімімен

№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

Жазғы семестрді өткізу және ұйымдастыру туралы ереже

Арқалық, 2024 ж.

Бұл Ережені Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
ӘЗІРЛЕДІ  Жусупова Ж.А.

Ғылыми кеңестің шешімімен (2024 жылғы «27» тамыз, №1 хаттама)
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

1. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы Ереже академиялық берешекті жою, оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылықты жою, үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру, сондай-ақ қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

Осы Ереже институттың білім алушылары мен жауапты құрылымдары үшін орындауға міндетті болып табылады.

2. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы ереже төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III.

2.2 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы (ҚР ҒЖБМ өзгерістер мен толықтырулармен 2023 жылғы 4 сәуірдегі №145 бұйрығы).

2.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (ҚР ҒЖБМ өзгерістермен және толықтырулармен 2023 жылғы 2 тамыздағы №379 бұйрығы).

2.4 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (ҚР ҒЖБМ өзгерістермен және толықтырулармен 2024 жылғы 27 тамыздағы №419 бұйрығы).

ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде төмендегідей терминдер мен қысқартулар қолданылады:

терминдер:

- деканат – факультетте білім алушылар үшін білім беру процесін, ғылым, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыратын және осы бағыттарда профессор-оқытушылар жұмысын үйлестіріп, басшылық жасайтын құрылым;
- тіркеу офісі – білім алушының бүкіл оқу кезеңінде оқу жетістіктерінің толықтай тарихын тіркеумен байланысты үдерістерді басқару болып табылады;
- кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;
- транскрипт – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;
- жұмыс-оқу жоспары – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы дербес әзірлейтін оқу құжаты;
- жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;
- академиялық пән айырмашылығы – бұл оқуға қайта қабылданғанда, ауысқанда немесе академиялық демалыстан оралу кезеңінде

анықталатын пәндер;

- академиялық қарыз – оқу пәндері бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға немесе емтиханға келмеген жағдайда білім алушылардың қорытынды білім беру бақылауы бойынша академиялық берешек;
- семестр - жоғары оқу орындарындағы оқу жарты жылдығы.

қысқартулар:

- КР – Қазақстан Республикасы;
- БҒМ – Білім және ғылым министрлігі
- ҒЖБМ – Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- АрқПИ – Арқалық педагогикалық институты;
- GPA – үлгерімнің орташа балы.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында оқу процесінің құрамдас бөліктерінің бірі жазғы семестр болып табылады.

3.2 Жазғы семестр институтта жазғы уақытта құрылатын академиялық мүмкіндіктерді пайдалануға ниет білдірген білім алушының өтініші бойынша ұйымдастырылады.

3.3 Жазғы семестр білім алушыларға академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты (бітіру курсың қоспағанда) жоюды және басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында міндетті түрде қайта есептей отырып кредиттерін игеруді, оқу пәндерін меңгеруді, үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында пәндерді оқуды ұсыну мақсатында институттың академиялық күнтізбесіне сәйкес ақылы негізде ұйымдастырылады.

3.4 Академиялық демалыстан оралған білім алушыларға академиялық айырмашылықты жою үшін пәндерді тегін оқуға мүмкіндік беріледі. Жазғы семестр аяқталғаннан кейін академиялық айырмашылықтың игерілмеген пәндері тек ақылы негізде одан әрі меңгеруге жататын академиялық берешек пәндеріне ауыстырылады.

3.5 Бітіру курсының білім алушылары үшін жазғы семестрге жазылу қарастырылмаған.

3.6 Жазғы семестрдің ұзақтығы оқу процесінің академиялық күнтізбесімен анықталады және кемінде 6 аптаны құрайды.

3.7 Жазғы семестр кезеңінде білім алушы 24-дан аспайтын ECTS кредитін оқи алады.

4. ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРГЕ ТІРКЕЛУ

4.1 Жазғы семестр пәндеріне тіркелуге білім алушылардың мынадай санаттары жіберіледі:

- семестрлік рейтинг нәтижелері бойынша емтихан сессиясына жіберілмегендер;
- аралық аттестаттаудан өту кезеңінде қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлықсыз баға алғандар;

- өткен академиялық кезеңдер үшін академиялық қарызы бар білім алушылар;
- курстан курсқа көшу үшін GPA балының ең төменгі деңгейін жинамағандар;
- оқуға қайта қабылдау, өзге оқу орнынан ауысу және академиялық демалыстан оралу кезінде академиялық айырмашылықтары бар білім алушылар;
- білім беру бағдарламасынан тыс пәндерді оқуға ниет білдірген білім алушылар;
- академиялық рейтингін көтеруге ниет білдірген білім алушылар;
- қосдипломды білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар.

4.2 Жазғы семестрге жазуды және тіркеуді Тіркеу офісі жазғы семестр басталғанға дейін 3 күн бұрын студенттің берген өтініші және жазғы семестрдегі оқу ақысы төленгендігі туралы түбіртек негізінде жүргізеді.

4.3 Жазғы семестр пәндерін оқу үшін төлем преysкурантқа сәйкес кредиттер бойынша жүргізіледі.

4.4 Көрсетілген мерзімде жазғы семестрде оқуға өтінім бермеген білім алушылар жазғы семестрге қатысуға жіберілмейді.

4.5 Жазғы семестрде оқуға тіркелу үшін білім алушының өтініші пәндердің атауын көрсете отырып (әр пән бойынша кредиттер санын көрсете отырып) Басқарма Төрағасы-Ректордың атына беріледі. Өтінішке оқу ақысы төленгендігі туралы түбіртектің көшірмесі қоса беріледі.

4.6 Тіркеу офісі пәндер атауы мен кредиттерін көрсете отырып, жазғы семестрде білім алушылар контингенті бойынша қызметтік хат дайындайды.

4.7 Қызметтік хат негізінде білім алушыларды жазғы семестрде оқуға жіберу туралы бұйрық шығарылады.

5. ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1 Тіркеу офісі «Platonus» автоматтандырылған жүйеде оқу топтарын құрады.

5.2 Тіркеу офісі деканаттармен бірлесіп жазғы семестрде оқытылатын пәндердің тізімін анықтап, сабақ кестесін жасайды және оны Академиялық мәселелер бойынша проректор бекітеді.

5.3 БББ жетекшілері Тіркеу офісіне оқытушылардың аты-жөні және олар жүргізетін пәндер атауы мен кредиттері көрсетілген қызметтік хат жібереді.

5.4 Профессор-оқытушылар құрамы білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін тіркей отырып, ағымдық бақылаудың барлық түрлерін, аралық аттестаттауды өткізеді.

5.5 Жазғы семестрдегі студенттердің оқу жетістіктері білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

5.6 Жазғы семестр кезеңінде алынған бағалар «Platonus» автоматтандырылған жүйеде білім алушының транскриптіңде автоматты түрде көрсетіледі.

5.7 Жазғы семестр кезеңінде игерілген білім беру бағдарламасының оқу жоспарындағы пәндер бойынша емтихандардың нәтижелері ағымдағы оқу жылының курстан курсқа көшу балын (GPA) есептеу кезінде ескеріледі.

5.8 Жазғы семестр аяқталғаннан кейін автоматтандырылған жүйеде білім алушыны курстан курсқа ауыстыру туралы бұйрық қалыптастырылады.

5.9 Жазғы семестр нәтижелерін ескере отырып, оқу жылының қорытындысы бойынша курстан курсқа көшу балын GPA жинамаған білім алушы қайта оқуға құқылы.

5.10 Қайта оқу курсына қалдырылған білім алушы үшін жаңа жеке оқу жоспары жасалады.

5.11 Қайта оқыту тек ақылы негізде жүргізіледі.

5.12 Білім алушы өз қалауы бойынша оқудан шығып, қайта оқудан бас тарта алады.

Танысу парағы

[illegible]